

# АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Заңсыздық пен жария тәртіп





Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Заңсыздық пен жария тәртіп

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Осы дәрісте біз келісімшарттардың орындалуын шектейтін факторларды қарастырамыз. Әдетте, соттар заңсыз немесе мемлекеттің жария тәртібіне қайшы келетін келісімшарттарды орындауға мәжбүрлемейді. Сондай-ақ, жалпы ереже бойынша, осындай келісімшарттар бойынша берілген сыйақылардың қайтарылуына рұқсат бермейді.

Мемлекеттің жария тәртібіне қайшы келетін және заңсыз келісімшарттарды құқықтық реттеу бәсекелес тараптар арасында шиеленіс туғызады. *Соттар, бір жағынан, заңсыз келісімге келуді болдырмауды қалайды, алайда, екінші жағынан, олар келісімшарт бостандығын (freedom of contract) сақтауға және әділетсіз байытуды болдырмауға тілек білдіреді.* Нәтижесі прецеденттік құқықтағы шиеленіс және сәйкессіздік пайда болады. Sir Robin Jacob Parkeye Ltd в Somerfield Stores Ltd 2012 ісін қарастырып, айтқан «заңсыздық және шарттық құқық - баршаға күрделі аумақ».

*Заңсыз келісімшарттар әртүрлі формада болуы мүмкін. Кейбіреулер жалпы азғындық немесе заң бұзуға бағытталған әрекеттер арқылы жасалса, ал басқалары нормативтік заңнаманы байқаусызда бұзу арқылы жасалады.* Шынында да, заңсыз келісімшарттар әртүрлі формада және өлшемдерде болғандықтан, оларды классификациялауың өзі қиынға түседі. Treitel (2011) «заңсыз әрекет жасау» арқылы жасалатын және «мемлекеттің жария тәртібіне қайшы келетін» келісімшарттар деп екіге бөледі.

## Заңмен тыйым салынған келісімдер

Заңмен тыйым салынған келісімді (тыйым салынғаны айқын немесе тыйым салынғаны айқын көрсетілмеген) ешбір тарап, мұндай тыйым салынғанын білмегеніне қарамастан, мәжбүрлі түрде орындата алмайды.

Махмұд пен Испахани ісі (1921): тиісті заң талаптарына сай, зығыр майын сату және сатып алу үшін лицензия керек болатын. Жауапкер тарап талап арыз беруші тарапқа өзінде лицензия бар деп жалған айтқан. Іс жүзінде лицензия талап арыз беруші тарапта ғана болған. Жауапкер өзіне жеткізілген тауарды қабылдаудан бас тартқан кезде, талап арыз беруші сотқа шағымданып, келтірілген залалды өтеуді талап етті. Жауапкер тарап сотта өзінің жасалған келісімшарт заңсыз деген ұстанымын ойдағыдай қорғап шықты. Келісуші тараптардың екеуінде де лицензия болуы тиіс деген заң талабы орындалмағандықтан, жасалған келісімшартқа заңмен тыйым салынғаны айқын болған, сол себепті Апелляциялық сот істі жауапкер тараптың пайдасына шешті.

Керісінше, Нэштиң Галифакс тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қарсы ісін (1979) қараған судья Браун-Уилкинсонның шығарған шешіміне сай, заңның құрылыс кооперативтеріне бұрыннан үшінші тарап пайдасына кепілдікте тұрған жылжымайтын мүлік бойынша ипотекалық қарыз беруге тыйым салғанына қарамастан, аталған құрылыс кооперативі (екінші рет кепілге қойылған жылжымайтын мүлік бойынша) ипотекалық қарыз беру туралы келісімшартқа сәйкес алдын ала төлеген қаражатын өндіріп алуға құқылы.

Сол сияқты, Хьюздың Asset Managers plc компаниясына қарсы ісін (1995) қараған Апелляциялық сот инвестициялар туралы келісімшарттарды лицензиясы бар инвестициялық агенттер ғана әзірлей алады деген заң талабын тиісті келісімшарттар жасасуға тыйым салатын норма деп түсіндіруден бас тартты. Әйтпесе, лорд-судья Сэвилл атап өткендей, мұндай келісімшарттардың барлығы жарамсыз деп танылған жағдайда инвестициялық компаниялар ғана емес, сонымен қатар олармен мәміле жасасушы инвесторлар, яғни қоғамдық институттар мен қатардағы қоғам мүшелері ауыр зардап шегетін еді.

## Заңсыз әрекеттерден қорғау

Ұйымдасқан заңсыз әрекетке қасақана қатысқан кез-келген тұлғаның, осы жайтты теріске шығаратын дәлел болмаса, сол теріс қылықты өз пайдасына асырып, аталған заңсыз әрекет бойынша сотқа шағымдануына жол берілмейді: *ex turpi causa non actio oritur* «заңға қайшы немесе қастық іс бойынша азаматтық талап арыз беруге болмайды».

Жауапкер тараптың пайдасына шешім шығару (жауапкердің наразылығын қолдау) үшін, арнайы юрисдикция соты мына төмендегі факторларды ескереді:

(a) талап арыз берушінің теріс қылығы мен қаралатын талап арыз арасында айтарлықтай байланыстың бар-жоғы;

(b) аталған талап арыздың тыйым салушы ереже мақсатына қайшы келетіні-келмейтіні;

(c) заң бұзушылықтың немесе теріс қылықтың өрескелдігі;

(d) тараптардың салыстырмалы кінәсі;

(e) талап арызды жоққа шығарудың пропорционалдығы.



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Заңсыздық пен жария тәртіп

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Құқықтық мәселелер жөніндегі комиссияның – Law Commission 2010 жылы шыққан «Заңсыз әрекеттерден қорғау» атты есебінде бүгінгі таңда соттардың заңсыз әрекеттерге шек қою ережесін бірден қолдану ұстанымын бұрынғыдай жиі қолданбайтыны айтылған.

Заңсыз әрекеттерден қорғау, яғни «заңға қайшы немесе қастық іс бойынша азаматтық талап арыз беруге болмайды» қағидасы тек келісімшарт құқығында ғана қолданылмайды.

Хоунганың Алленге қарсы ісін (2014) қараған лорд Хьюз атап өткендей:

«Сот заңсыз әрекеттің азаматтық талап арыз беруге шек қоятынын-қоймайтынын қарастырған кезде, негізінен, талап арыз берушінің өз құқығын қорғау мақсатында жүгінген сотқа қатысты ұстанымына басым көңіл бөледі. Ол талап арыз беруші мен жауапкердің тиісті дәйектеріне басым көңіл бөлмейді. Заңсыз әрекеттің мәні де сол – ол азаматтық талап арыз беруге ойдағыдай шек қойғанда, жауапкер тарап күтпеген пайданы лайықсыз иемденген тарап болады. Бұл жауапкердің дәйектері басым түскенін білдірмейді; мұның себебі мынада – заңға сүйеніп, талап арыз беруші тараптың өз құқығын қорғау туралы талабын қанағаттандыруға болмайды».

Бұған қоса, лорд Хьюз атап өткендей, жоғарыда аталған *ex turpi causa* принципін Холманның Джонсонға қарсы ісін (1775) қараған лорд Мэнсфилд былай түсіндіріп өткен:

«Қай кезде болмасын, жауапкер тараптың шағымданушы мен жауапкер арасындағы келісімшарт адал ниетпен жасалмаған немесе заңға қайшы деп наразалық білдіруі орынсыз. Дей тұрғанымен, бұл наразылық осы аталған себепке сай қабылданбайды; мұнда жалпыға ортақ тәртіп принциптері негізге алынады; жауапкер мен шағымданушыға қатысты нағыз әділдікке қайшы болса да, күтпеген жерден деп айтсам да болатын шығар, жауапкер тарап аталған принципті өз пайдасына асыра алады. Жария тәртіп принципі дегеніміз де осы; **ex dolo malo non oritur actio** – алаяқтық әрекет талап арызға негіз бола алмайды. Адамгершілікке жат немесе заңға қайшы әрекетке негізделген талап арыз берген адамның шағымын ешбір сот қарауға алмайды. Сот өз қызметінде осы ережені басшылыққа алады; бұл соттың жауапкер тарап мүддесін қорғайтындығымен емес, шағымданушы тараптың талап арызын қарамайтындығымен байланысты. Яғни шағымданушы тарап жауапкермен орын алмастырып, жауапкер шағымданушы тарапқа қарсы арызданса, шағымданушы тарап осы жайтты өз пайдасына асыра алады; өйткені екі тарап та бірдей кінәлі болса, *potior est conditio defendentis* – жауапкер тараптың ұстанымы басым түседі.

## Заңсыз әрекеттерге шек қою қағидасы жазықсыз талап арыз берген тарапқа қатысты қолданылмайтын жағдайлар

Келісімшартқа заң талаптарына сай тыйым салынған жағдайларды санамағанда, талап беруші тарап: (a) жауапкер тараптың заңсыз әрекеттерінен хабардар болмаған және (b) тараптар жасасқан келісімді орындау заңсыз болып саналмайтын жағдайларда келісімшарт бойынша сотқа шағымдана алады.

Мысалы, Archbolds (Freightage) Ltd компаниясының S Spanglett Ltd компаниясына қарсы ісі (1961): шағымданушы тарап жауапкер тараппен заттарды жүк көлігімен (фургонмен) тасымалдау туралы келісімшарт жасасқан. Шағымданушы жауапкердің жүк көлігінің тиісті лицензиясы болмағанын, әрі осындай көлікті пайдалану – құқық бұзушылыққа жататынын білмеген. Шағымданушы тараптың заттары тасымалдау барысында жоғалып кеткен (жауапкердің немқұрайдылығы салдарынан тоналған), ол келісімшарт талаптары бұзылды және өзіне залал келді деп сотқа шағымданды. Апелляциялық сот заң бұзылғанын негізге алып, жауапкер тараптың наразылығын қабыл алмады: шағымданушы тарап өзіне бөлінген жүк көлігін пайдалану қылмыстық құқық бұзушылыққа жататынын білмеген, сондай-ақ тараптар жасасқан мәміле заңға қайшы болмаған.

Жауапкер тарап келісімшарттың заң талаптарына сай орындалмайтынын әрі өзінің осындай құқық бұзушылыққа қатысты болатынын білгенде, жағдай басқаша болатын еді. Ashmore, Benson, Pease & Co Ltd компаниясының A.V. Dawson Ltd компаниясына қарсы ісіне (1973) қатысушы жауапкер тарап шағымданушының заттарын тасымалдауға келіскен, бірақ, заң бұзып, жүк көлігіне жүкті шамадан көп тиеген. Жауапкер тарап мұның құқық бұзушылық екенін білген. Жүк көлігі аударылып кетіп, шағымданушының заттары зақымдалған. Шағымданушы тараптың қызметкері (менеджері) жауапкер тараптың заңсыз әрекеттеріне қатысты болған: ол жүктің тиісті заң ережелеріне сай тиелмегенін білген (мұндай жайт бұрын да болған), бұған қоса, шағымданушы компания салғырттық танытып, заңсыз әрекетке жол беруі арқасында өзінің тасымалдауға жұмсайтын шығындарын үнемдеген. Осы фактілерді ескере келе, сот шағымданушы тараптың өзіне келтірілген залалды өтеу талабын қанағаттандырмады.



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Заңсыздық пен жария тәртіп

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

## Талап арыз берушінің қасақана емес заңсыз әрекеті

Талап арыз беруші келісімшартты орындау барысында заңсыз әрекетке барған күннің өзінде, келісімшарт бойынша берілген талап арыз мына жағдайларда қанағаттандырылуы мүмкін: (а) келісімшартты кезінде заң талаптарына сай орындау мүмкіндігі болғанда және (б) заңсыз әрекет келісімшартты орындаудың ең маңызды бөлігі болмағанда.

ParkingEye Ltd компаниясының Somerfield Stores Ltd компаниясына қарсы ісін (2012) қараған Апелляциялық сот жария тәртіп пен заңсыз әрекеттен қорғау принциптерін бірден, ойланбастан «әдеп ережелерін жөнсіз таңғандай» және шамадан тыс қолданудан аулақ болу керек екенін ерекше атап өткен. Лорд-судья Тулсон «келісімшартты орындау кезінде іс жүзінде заңсыз әрекетке баруды көздейтін бастапқы ниет тиісті тараптың талап арыз беруіне негіз бола алады деген тұрақты ережені» танудан бас тартып, мұндай ұстанымның «тым қатыгез болатынын әрі әділетсіздікке жол беретінін» алға тартқан.

ParkingEye Ltd компаниясының Somerfield Stores Ltd компаниясына қарсы ісі (2012): талап арыз беруші тарап жауапкер тарапты (супермаркеттер желісі) он бес ай мерзімге көлік тұрағын бақылау және басқарудың автоматтандырылған жүйесімен жабдықтауға келіскен. Бұл жүйе көмегімен талап арыз беруші тарап көлігі тұрақта тегін тұру уақытынан артық тұрған кез келген клиенттен ақы жинап ала алатын. Талап арыз беруші тарап клиенттерден жиналған қаражатты өзінде қалдыра алатын, сондықтан ол тиісті ақы төлеуді табандылықпен талап етуге мүдделі болды.

Бірнеше айдан соң, жауапкер тарап талап арыз беруші өзінің клиенттерге жіберген талап хаттарында (ол ретімен жолдаған үшінші хатта) заңға қайшы мәлімдемелер жасады, осылайша аталған клиенттерді алдап, оларға қатысты (vis-à-vis) құқық бұзушылық жасады деп, онымен жасасқан келісімшартты тоқтатты. Мұндағы талап арыз беруші тараптың тұрақта белгіленген уақыттан ұзақ тұрып, тиісті ақы төлемеген көлік иелеріне қарсы азаматтық талап арыз беруге өкілетті екені туралы мәлімдемесі жалған (falsehood) болатын.

Апелляциялық сот жауапкер тараптың (супермаркеттер желісінің) келісімшартты тоқтату туралы шешімі негізсіз, сондықтан супермаркет келісімшартты бұзғаны үшін келтірілген залалды өтеуге тиіс деп тапты. Осы ретте жауапкер тараптың өзін заңсыз әрекеттен қорғау қағидасына сүйеніп, келісімшартты орынды себепке сай тоқтатуына негіз болған жоқ. Себебі талап арыз берушінің заңға қайшы ниеті (ол үлгілік талап хаттарын келісімшарт жасасқаннан бұрын әзірлеп қойған) келісімшартқа сай атқарылған іс-шаралардың елеулі бөлігін құрамаған.

## Құқық бұзушылыққа жол беретін келісімдер

*Қандай да бір қылмыстық әрекетке бару жөнінде міндеттеме алуды көздейтін келісімдер заңсыз, олардың міндетті заңдық күші жоқ.*

Қылмыс жасау туралы келісімдер. Бірігіп ұрлық жасау туралы келісімді орындау барысында келтірілген залалға қатысты ex turpi causa принципі қолдану мына істе талқыланған, қараңыз: Джойстың О'Браенге қарсы ісі (2013). Аталған тұжырым қос тарап та қасақана қылмыстық әрекетке бару жөнінде сөз байласқан жағдайда қолданылады. Немесе мына істі қараңыз: Тэйлордың Байлға қарсы ісі (1996): мектеп директоры мен құрылысшы жөндеу жұмыстарының шын бағасын 1000 фунт-стерлингке көтеріп жіберуге келіскен, аталған соманы сақтандыру компаниясы төлеуге тиіс еді. Бұған келісім берген құрылысшы жөндеу жұмыстарын істейтін болды. Құрылысшының аталған бағаның төленбеген бөлігіне қатысты әрекеті келісімшарт құқығы аясына (тараптар сақтандыру компаниясын алдау туралы заңсыз келісімге келгендіктен) және реституциялық құқық аясына (құрылысшы алаяқтық әрекетке қатысқандықтан) жатқызылды.

Келісуші тараптар бірлесіп, қасақана азаматтық құқық бұзушылыққа (мысалы, деликт немесе сенімге қиянат жасау, ағыл. tort or breach of trust) баруға міндеттеме алған келісімдер де заңсыз, олардың міндетті заңдық күші жоқ.

## Құмар ойындары туралы келісімшарттар

*Құмар ойындары туралы келісімшарттар міндетті заңдық күші бар келісімшарттарға жатады.*

Құмар ойындары туралы 2005 жылғы заңның (Gambling Act 2005) 17-тарауы (Құмар ойындары туралы келісімшарттардың заңдылығы және талап арыз қою күші, Legality and Enforceability of Gambling Contracts) 2007 жылғы 1 қыркүйекте күшіне енді. Бұл заңның 335-бөлімі және онымен байланысты ережелер бұрын



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Заңсыздық пен жария тәртіп

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

аталмыш мәмілелерді жарамсыз деп тапқан бірқатар заңның күшін жойды. Жаңа ережелерде былай делінген:

(1) Құмар ойындарына қатысты келісімшарттарды да заң бойынша мәжбүрлі түрде орындатуға болады.

(2) (1) тармақ заңға қайшы келісімшарттарды заң бойынша мәжбүрлі түрде орындатуға тыйым салатын құқықтық ережелерді (құмар ойындарына қатысты арнайы ережелерді санамағанда) қозғамайды.

### **Сексуалдық азғындық**

Қажетті нысандарды «адамгершілікке жат іспен» айналысатын жезөкшелерге пайдалануға беру туралы келісім заңсыз, оның міндетті заңдық күші болмайды (нысанды пайдалануға берген тарап оның қандай мақсатта пайдаланылатынын білген жағдайда).

Пирстың Бруксқа қарсы ісі (1866): шағымданушы тараптың (арба жасаушылар) ат жеккен күймені (камета) жалға алу ақысын төлету және күймеге келтірілген залалды өтеу туралы талабы қанағаттандырылмады. Күйме жауапкер тараптың (жезөкше) клиенттер тартуына «ыңғайлы болатындай» қалыпта тұрған. Шағымданушы тарап өзінің жауапкермен жасасқан келісімшарты «адамгершілікке жат іспен» айналысатын адамға жағдай жасау (оған қажетін беру) туралы екенін білген – осының өзі жеткілікті болатын. Келісуші тараптардың жалдау ақысы жезөкшенің тікелей заңсыз табысы есебінен төленеді деп келісуі қажет болмады.

Coral Leisure Group Ltd компаниясының Барнеттке қарсы ісі (1981): Барнетт казино компаниясы оны әділетсіз түрде жұмыстан шығарды деп, компанияға қарсы талап арыз берген. Өзінің жазбаша талап арызында Барнетт (өзіне нұқсан келуі мүмкін болса да, төменде жазылғанды қараңыз) жұмыста казиноға келген ауқатты клиенттермен болған жезөкшелерге ақша төлегенін де жазған. Алайда Еңбек даулары жөніндегі апелляциялық сот (Employment Appeal Tribunal) шығарған шешімге сай, талап арыз берушінің өзін жұмыстан әділетсіз шығарғаны туралы талап арызын толықтай қарамауға болмайды: келісімшартты орындау барысында заңға қайшы әрекетке жол берілгеніне қарамастан, тараптар жасасқан келісімшарт толығымен заңсыз әрі жарамсыз болып саналмайды.

Ары қарай мемлекеттің жария тәртібіне қайшы келісімшарттарды келесі дәрісте жалғастыратын боламыз.

### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), chapter 2
2. RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), 4.03
3. RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), chapter 4
4. RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), 6.20 ff